

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2005 - 2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 наурыздағы N 192 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Оралмандардың 2005 - 2007 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1508 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 2005 - 2007 жылдарға арналған республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және орналасқан жерлерінде олардың бейімделуі үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп:

1) дипломатиялық арналар арқылы тиісті мемлекеттердің үкіметтеріне оралмандардың шығуы мен транзиттік жүріп өтуі және шығатын мемлекеттердің шекаралары арқылы өтуі кезінде оларға жәрдем көрсету мәселелері жөнінде өтініш ж а с а с ы н ;

2) тарихи отанына оралуға тілек білдірген отандастарымыздың азаматтық және мүліктік құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді шет мемлекеттердің тиісті о р г а н д а р ы м е н п ы с ы қ т а с ы н ;

3) өзінің тарихи отанына мемлекеттің қаржылай қолдауынсыз қайтып орала алмайтын ұлты қазақ адамдарды ұйымдасқан түрде көшіруді жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын 1 шілдеге және 1 ақпанға қарай Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы есепті табыс етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі